

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы N 561 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 наурыздағы N 331 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі N 745 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.07.20 N 745 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ АУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы N 561 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 23, 266-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімінде:

"Жеке тұлғаларды, азаматтарды, азаматтығы жоқ адамдарды, шетелдік азаматтарды тіркеу" деген 1-бөлімде:

реттік нөмірі 4-жолдың 2-бағанында "қайтадан куәлік" деген сөздер "қайтадан куәліктер немесе анықтамалар" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Кәсіпкерлердің заңды және жеке тұлғаларын тіркеу" деген 2-бөлімде: мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 38-1-жолмен толықтырылсын:

"

38-1	Айырбастау пунктiнiң тiркеу куәлiгiн беру	Заңды тұлғалар	ҰБ	Аумақтық филиалдар
------	---	----------------	----	--------------------

";

"Заңды және жеке тұлғалардың мүліктерін тіркеу" деген 3-бөлімде: реттік нөмірлері 70, 71, 73-жолдарда:

2-бағандағы "ресімдеу" деген сөз "беру" деген сөзбен ауыстырылсын;

5-бағандағы "жер қатынастары басқармалары," деген сөздерден кейін " аудандардың және" деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 72 - жолда:

2 - б а ғ а н д а :

"ресімдеу" деген сөз "беру" деген сөзбен ауыстырылсын;

"өтеусіз" деген сөз "өтемін төлеп" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-бағандағы "жер қатынастары басқармалары," деген сөздерден кейін "

аудандардың және" деген сөздермен толықтырылсын;  
"Әлеуметтік қорғау" деген 4-бөлімде:  
реттік нөмірі 87-жолда:

2-бағандағы "Мүгедектер" деген сөздің алдынан "Жалғызділікті, сондай-ақ жалғыз тұратын қарттарға және" деген сөздермен толықтырылсын;  
5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі, аудандық маңызы бар қала, қаладағы аудан, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімі";

реттік нөмірі 92-жолдың 5-бағанындағы "департаменттері/ басқармалары" деген сөздер "басқармалары" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Анықтамалар беру" деген 5-бөлімде:  
мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 113-1 және 113-2-жолдармен  
толықтырылсын:

"

113-1	Валюталық операция туралы хабарлама куәлік беру	Заңды және жеке тұлғалар	ҰБ	Оргалық аппарат және аумақтық филиалдар
113-2	Валюталық операция туралы тіркеу куәлігін беру	Заңды және жеке тұлғалар	ҰБ	Аумақтық филиалдар

";

реттік нөмірі 114-жолда:  
2-бағандағы "Қосалқы" деген сөздің алдынан "Жеке" деген сөзбен  
толықтырылсын;

5-бағандағы "облыстық маңызы бар қалалардың ауыл шаруашылығы бөлімдері" деген сөздерден кейін ", аудандық маңызы бар қалалардың әкімдері" деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірлері 115 және 116-жолдар алып тасталсын;

реттік нөмірі 124-жолда:

2-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қайтыс болу туралы дәрігердің куәлігін беру".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К. Мәсімов*